8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Қауымбаева Мөлдір Шәріпқызының
«ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасын қолданған кездегі бройлер етін ветеринариялық-санитариялық бағалау
тақырыбындағы орындалған диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылатын AP19679862 «Бақыршық кен орнының белсендірілген шунгиттері негізінде жаңа азықтық қоспаларды әзірлеу және олардың фармако-токсикологиялық қасиеттерін зерттеу, сондай-ақ оларды қолдану кезіндегі құс шаруашылығы өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық баға беру» атты ғылыми жоба шеңберінде орындалды.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы ветеринария ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. Зерттеу нәтижелері табиғи минерал шунгит негізінде әзірленген дәстүрлі емес «ШунгиҚұс» азықтық қоспасын қолдану бройлер етінің химиялық, минералдық және аминқышқылдық құрамын жақсартуға, сондай-ақ ауыр металдардың қалдық мөлшерін азайтуға ықпал ететінін көрсетті. Бұдан бөлек, құстар қанының гематологиялық көрсеткіштері қалыпты физиологиялық шектерде сақталып, олардың жалпы физиологиялық жағдайының тұрақтылығын айғақтады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың орындалу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысы ғылыми стильде, мазмұны жүйелі әрі түсінікті түрде баяндалған. Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау бөлімдерінде пайдаланылған арнайы ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерге тиісті сілтемелер

			келтірілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі ғылыми тұрғыдан толық негізделген және зерттеу барысында жан-жақты ашылған. Атап айтқанда, табиғи минерал шунгит негізінде әзірленген «ШунгиҚұс» азықтық қоспасының бройлер етінің ветеринариялық-санитариялық сапалық көрсеткіштерін жақсартуға, оның тағамдық құндылығын арттыруға және экологиялық қауіпсіз өнімдерін өндіруге ықпал ететін тиімді биологиялық қоспа ретіндегі маңыздылығы ғылыми нәтижелермен дәйектелген. Қазіргі кезеңде құс шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың тұтынуға жарамдылығын айқындау, сондай-ақ ықтимал химиялық және биологиялық қауіптердің алдын алу мақсатында ветеринариялық-санитариялық сараптау әдістерін жетілдіру және ғылыми негізделген бақылау жүйелерін ұйымдастыру аса маңызды ғылыми-практикалық міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыстың нәтижелері ветеринариялық санитария саласының дамуына және қауіпсіз құс өнімдерін өндіру жүйесін жетілдіруге бағытталған өзекті ғылыми мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның «ШунгиҚұс» дәстүрлі емес азықтық қоспасын қолдану жағдайында алынған бройлер етінің ветеринариялық-санитариялық бағасын жүргізуге тақырыптық бағытына толық сәйкес келеді, сондай-ақ зерттеу барысында қарастырылған мәселелер жан-жақты зерделеніп, алынған ғылыми нәтижелер негізінде қойылған мақсат-міндеттердің орындалғанын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеуде қойылған мақсат пен міндеттер жұмыстың тақырыптық бағытына толық сәйкес келеді, ал зерттеу барысында белгіленген міндеттер жүйелі түрде жүзеге асырылып, алынған нәтижелер олардың толық орындалғанын және зерттеу мақсатына қол жеткізілгенін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың құрылымдық бөлімдері өзара тығыз логикалық және мазмұндық байланыста құрылған, зерттеу тақырыбының негізгі бағыттары жүйелі түрде қамтылып, ғылыми тұрғыдан дәйекті түрде баяндалған. Атап айтқанда, жұмыста шунгитті өндіру технологиясы мен оған қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптар, «ШунгиҚұс» дәстүрлі емес азықтық қоспасын әзірлеу және оның зертханалық жануарларға тигізетін токсикологиялық әсерін бағалау, бройлер балапандарына арналған азық үлгілерінің химиялық және минералдық құрамын зерттеу, аталған қоспаның құстардың өнімділігі мен қанның гематологиялық көрсеткіштеріне ықпалын анықтау мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, бройлер балапандары етінің сапасына ветеринариялық-санитариялық бағалау жүргізіліп, азықтық қоспаның құс еті мен жұмыртқасының химиялық, минералдық және аминқышқылдық құрамына әсері зерделенген, ет құрамындағы ауыр металдардың қалдық мөлшері анықталып, құстардың бұлшық еттері мен ішкі мүшелеріне морфологиялық-гистологиялық зерттеулер жүргізілген. Осылайша, диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері зерттеудің жалпы мақсаты мен міндеттеріне сәйкес өзара сабақтастықта орындалып, тақырыптың ғылыми мазмұнын кешенді түрде ашуға бағытталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыста зерттеу нәтижелеріне жан-жақты сыни талдау жүргізіліп, автор тарапынан «ШунгиҚұс» дәстүрлі емес азықтық қоспасының құс еті мен жұмыртқасының химиялық, минералдық және аминқышқылдық құрамына, құстар қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ зерттеу нысандарына байланысты өнімдер құрамындағы ауыр металдардың қалдық мөлшеріне ықпалы ғылыми тұрғыдан бағаланған. Сонымен қатар, зерттеу барысында қолданылған әрбір әдістің ғылыми негізділігі мен нәтижелердің сенімділігіне талдау жасалып, алынған деректердің зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі

			қарастырылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар өзіндік ғылыми жаңашылдығымен сипатталып, зерттеліп отырған мәселенің теориялық және практикалық аспектілерін тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер ветеринария саласындағы қолданыстағы ғылыми деректер қорын толықтырып, қарастырылып отырған мәселенің жаңа ғылыми қырларын айқындауға және оның шешімдерін жетілдіруге бағытталған. Автор ұсынған ғылыми тұжырымдар эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен дәйекті түрде негізделіп, олардың практикалық құндылығы мен өндірістік қолданысқа енгізу мүмкіндіктері көрсетілген. Сонымен қатар, зерттеу шеңберінде әзірленген технологиялық шешімнің ғылыми-техникалық жаңалығы тиісті пайдалы модельге алынған патентпен расталып, жұмыстың зияткерлік және қолданбалы маңыздылығын арттыра түседі.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Құс шаруашылығы өнімдерінің сапалық көрсеткіштерін арттыруға бағытталған «ШунгиҚұс» дәстүрлі емес азықтық қоспасының ғылыми-практикалық тиімділігі кешенді зерттеулер негізінде айқындалған, атап айтқанда, оның бройлер етінің минералдық және аминқышқылдық құрамына, құстар қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне, ет құрамындағы ауыр металдардың қалдық мөлшеріне тигізетін ықпалы зерделеніп, сонымен қатар қоспаның зертханалық жануарларға ықтимал токсикологиялық әсері бағаланып, оның қауіпсіздік деңгейі ғылыми тұрғыдан негізделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста әзірленген техникалық және технологиялық шешімдер өзіндік жаңалығымен ерекшеленіп, ғылыми негіздемеге ие. Атап айтқанда, «Бройлерлерді минералды азықтық қоспамен қоректендіру тәсілі» және «Бройлерлерді биологиялық белсенді азықтық қоспамен қоректендіру тәсілі» құс шаруашылығындағы

			азықтандыру технологияларын жетілдіруге бағытталған. Ұсынылған тәсілдердің жаңашылдығы пайдалы модельдерге берілген патенттермен дәлелденсе, олардың тиімділігі тәжірибелік зерттеулер барысында алынған нәтижелер арқылы расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша тұжырымдалған қорытындылар кең көлемді ғылыми-тәжірибелік деректер мен дәлелді зерттеу нәтижелеріне негізделген. Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми мәліметтер, тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар терең ғылыми талдаумен, әдіснамалық негізділігімен және дәлелдемелік дәйектілігімен сипатталады. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің өзара логикалық сабақтастығы сақталып, олардың ғылыми тұрғыдан негізделу деңгейі жоғары екендігі айқын көрінеді. Сонымен қатар, ұсынылған ғылыми нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттырып, оның тиісті ғылыми бағыттың дамуына қосатын үлесін айқындайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ;	Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар мен қағидалардың барлығы ғылыми тұрғыдан дәйекті түрде негізделіп, эксперименттік зерттеулер барысында алынған нәтижелермен, тиісті патенттік құжаттармен және ғылыми жарияланымдармен расталған. Қорғауға ұсынылған ғылыми қағидалардың өзіндік ерекшелігі, мазмұндық жаңашылдығы және дәстүрлі ғылыми тұжырымдардан өзгеше сипаттары зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығын айқындайды. Диссертант жүргізген зерттеулер аясында алғаш рет «ШунгиҚұс» дәстүрлі емес азықтық қоспасының құс етінің және жұмыртқасының минералдық әрі аминқышқылдық құрамына, қанның гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ құс етіндегі ауыр металдардың шығарылу үдерісіне ықпалы кешенді түрде зерделеніп, ғылыми тұрғыдан анықталған. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы олардың құс шаруашылығы

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	кәсіпорындарының өндірістік қызметіне енгізу және азықтандыру технологияларын жетілдіру мақсатында қолдану мүмкіндігімен сипатталады. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс барысында жинақталған ғылыми-тәжірибелік материалдар мен алынған нәтижелер докторанттың жарияланған ғылыми мақалаларында жан-жақты баяндалып, тиісті деңгейде дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста қолданылған зерттеу әдістемесін таңдау ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негізделген, оның мазмұны мен негізгі ерекшеліктері жеткілікті дәрежеде сипатталып, зерттеу барысында пайдаланылу негіздері айқын көрсетілген. Таңдап алынған әдістемелік тәсілдер диссертациялық жұмыстың алдына қойылған мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келіп, зерттеу мазмұнының жүйелілігі мен ғылыми бағыттылығын қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу тәсілдерін пайдалану, сондай-ақ жинақталған мәліметтерді компьютерлік технологиялардың көмегімен талдау, статистикалық өңдеу және ғылыми тұрғыдан түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Бройлер етінен және құс жұмыртқаларынан алынған сынамаларға жүргізілген зерттеулердің нәтижелері әзірленген әдістің жоғары сезімталдығы мен спецификалық ерекшеліктерін айқындап, оның тиімділігін растады. Сонымен қатар, аталған әдіс арқылы алынған нәтижелер жалпыға ортақ зерттеу әдістерінің көмегімен алынған деректермен салыстырылып, олардың сәйкестігі мен дұрыстығы дәлелденді, сондай-ақ әдістің тәжірибелік

			жағдайда сәтті қолданылу мүмкіндігі расталды. Осыған сәйкес, зерттеу барысында ұсынылған теориялық болжамдар ғылыми тұрғыдан негізделіп, жүргізілген эксперименттік зерттеулердің нәтижелері арқылы өз дәлелін тапты.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста келтірілген тұжырымдар мен ғылыми пайымдаулар мазмұнының маңыздылығымен, нақтылығымен және сенімділігімен ерекшеленіп, зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін айқындайды. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың негізгі мәлімдемелері отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне жасалған сілтемелермен дәйектеліп, қарастырылып отырған ғылыми мәселенің теориялық негіздері мен зерттеу нәтижелерінің сенімділігін растайды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген әдеби шолуды жан-жақты қамтып, ғылыми мәселенің теориялық және әдіснамалық негіздерін толық ашуға жеткілікті деңгейде қалыптастырылған. Жұмыста жалпы саны 197 әдеби дереккөзге сілтеме жасалып, олардың едәуір бөлігін халықаралық ғылыми кеңістікте танылған, рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектері құрайды. Зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдаған негізгі ғылыми пайымдаулары мен қорытындылары қазіргі заманғы ғылыми талаптарға сай келетін, беделді әрі сенімді ғылыми дереккөздерге сүйене отырып негізделген, бұл диссертациялық зерттеудің ғылыми дәйектілігі мен теориялық негізділігін айқындайды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы «ШунгиҚұс» дәстүрлі емес азықтық қоспасының бройлер етінің минералдық және аминқышқылдық құрамына, құс қанының гематологиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ ет құрамындағы ауыр металдардың шығарылу үдерісіне тигізетін ықпалын кешенді түрде зерделеп, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан негіздеуімен айқындалады.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы жоғары болып, зерттеу барысында алынған нәтижелерді құс шаруашылығы саласының өндірістік тәжірибесінде қолдануға кең мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Қазақстанның табиғи минералы шунгит негізінде «ШунгиҚұс» дәстүрлі емес азықтық қоспасын әзірлеу, оны бройлер құстарының негізгі рационына енгізу және қоспаны қолдану жағдайында алынған ет пен жұмыртқаның сапалық көрсеткіштерін ветеринариялық-санитариялық сараптау зерттеудің практикалық бағыттылығын айқындайды. Аталған азықтық қоспаны құс етінің құрамындағы кадмий мен қорғасын сияқты ауыр металдардың қалдық мөлшерін төмендету мақсатында пайдалану ұсынылып, оның құс шаруашылығындағы азықтандыру технологияларын жетілдіруде қолданылу мүмкіндігі негізделген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеу аясында әзірленген практикалық ұсынымдар өзіндік ерекшелігімен және жаңашылдық сипатымен ерекшеленіп, ғылыми зерттеу нәтижелеріне негізделген жаңа тәсілдер мен ұсыныстардың жиынтығын құрайды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық тұрғыдан рәсімделу деңгейі жоғары бағаланады, себебі оның мәтіні ғылыми баяндау нормаларына сәйкес жазылып, мазмұндық тұтастығы, ой жүйелілігі және логикалық сабақтастығы толық сақталған. Зерттеу барысында арнайы ғылыми ұғымдар мен терминдер орынды пайдаланылып, сөйлемдердің грамматикалық құрылымы сауатты қалыптастырылған, сондай-ақ қарастырылған мәселелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз ету мақсатында беделді отандық және шетелдік әдебиеттерге тиісті сілтемелер жасалған. Диссертациялық материалдың мазмұны ғылыми еңбектерге қойылатын құрылымдық және рәсімдеу талаптарына сай ұйымдастырылып, негізгі тұжырымдар мен зерттеу нәтижелері нақты, жүйелі әрі түсінікті түрде

			баяндалған. Сонымен қатар, жұмыста алынған нәтижелерге сүйене отырып тұжырымдалған қорытындылардың ғылыми негізділігі, қолданылған зерттеу әдістерінің мазмұндық тұрғыдан жеткілікті сипатталуы және пайдаланылған әдебиеттер тізімінің белгіленген академиялық талаптарға сәйкес рәсімделуі қамтамасыз етілген. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстың тілдік ерекшеліктері, ғылыми баяндау мәнері, мазмұндық құрылымы мен академиялық рәсімделу сапасы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық зерттеулерге қойылатын негізгі талаптарға толық сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыстың мәтінінде жекелеген орфографиялық және терминологиялық сипаттағы ескертулер кездеседі, алайда олар зерттеудің жалпы ғылыми құндылығы мен маңыздылығына айтарлықтай әсер етпейді. Атап айтқанда, жұмыстың 66-бетінде қолданылған «жануарлар» терминінің орнына «ақ тышқандар» атауын пайдалану, ал 73-беттегі 11 және 12-кестелерде берілген «бройлерлер» терминін «бройлер балапандары» деп нақтылау орынды болар еді. Диссертациялық жұмыста құс етінің қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарды негіздеу барысында Кеден одағының «Құс еті және оны қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» ТР ТС 051/2021 техникалық регламентінің талаптарын басшылыққа алып, зерттеу нәтижелерін аталған нормативтік құжаттың ережелерімен сәйкестендіру ұсынылады.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарық көрген ғылыми жарияланымдарының ғылыми-теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары деңгейде бағаланады. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері Scopus және Web of Science халықаралық ғылыми дерекқорларында индекстелетін, рецензиялау рәсімінен өтетін «Veterinary Science» халықаралық ғылыми журналында (82-процентиль) жарияланған үш ғылыми мақалада кеңінен көрініс тапқан. Аталған жарияланымдардың халықаралық деңгейдегі ғылыми басылымда жарық көруі жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін ғылыми қауымдастыққа ұсынуға, олардың ғылыми құндылығын айқындауға және диссертациялық жұмыстың нәтижелерін халықаралық ғылыми кеңістікте танытуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, докторанттың зерттеу тақырыбына қатысты тағы бір ғылыми мақаласы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген журналда жарияланған. Сонымен бірге, диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің практикалық маңыздылығы мен қолданбалы сипатын айқындайтын Қазақстан Республикасының пайдалы модельдерге берілген екі патенті алынған. Докторанттың жарияланған ғылыми еңбектерінің тақырыптық бағыттылығы мен мазмұндық құрылымы диссертациялық жұмыстың негізгі зерттеу мәселелерімен өзара тығыз байланысты болып, ғылыми ізденістің басты бағыттарын, зерттеудің негізгі кезеңдерін және алынған нәтижелерді жан-жақты қамтиды. Бұл өз кезегінде диссертациялық зерттеудің	

		жүйелі түрде жүргізілгенін, қарастырылып отырған ғылыми мәселенің әртүрлі қырынан зерделенгенін және зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелердің ғылыми жарияланымдар мен патенттік құжаттар арқылы дәйекті түрде ұсынылғанын көрсетеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Қауымбаева Мөлдір Шәріпқызының «8D09102 – Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «ШунгиҚұс» дәстүрлі емес азықтық қоспасын қолдану жағдайындағы бройлер етін ветеринариялық-санитариялық бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы орындалған, ғылыми тұрғыдан негізделген және толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады деп есептеймін. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми және практикалық маңыздылығын, диссертациялық жұмыстың мазмұндық толықтығы мен ғылыми құндылығын ескере отырып, Қауымбаева Мөлдір Шәріпқызына «8D09102 – Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру ұсынылады.

Ресми рецензент:

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Жануарлар ғылымы және ветеринария институты директорының ғылыми-зерттеу жұмыстары және интернационалдандыру жөніндегі орынбасары, PhD, қауымдастырылған профессор

Жанабаева Динара Кабдуллаевна
(қолы, тегі, аты-жөні)

мерзімі «30» 10 2026 жыл

"С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Д.К. Жанабаевамың
қолын растаймын:
Ғалым - хатшы Жерпсаирова Л.